

"Ақпарат саласындағы қылмыстық әрекетке қарсы іс-қимыл бойынша Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің өзара іс-қимылы туралы хаттаманы ратификациялау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 2 ақпандағы № 46 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Ақпарат саласындағы қылмыстық әрекетке қарсы іс-қимыл бойынша Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің өзара іс-қимылы туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасы Парламентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ Ақпарат саласындағы қылмыстық әрекетке қарсы іс-қимыл бойынша Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің өзара іс-қимылы туралы хаттаманы ратификациялау туралы

2014 жылғы 23 желтоқсанда Мәскеуде жасалған Ақпарат саласындағы қылмыстық әрекетке қарсы іс-қимыл бойынша Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің өзара іс-қимылы туралы хаттама ратификациялансын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

Ақпарат саласындағы қылмыстық әрекетке қарсы іс-қимыл бойынша Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің өзара іс-қимылы туралы ХАТТАМА

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттер

ҰҚШҰ-ға мүше мемлекеттердің ақпараттық қауіпсіздік жүйесін қалыптастыруға бағытталған бірлескен іс-қимылдар туралы өз міндеттемелерін растай отырып,

Тараптардың ақпараттық кеңістігі мен ақпараттық ресурстарын қорғаудың аса қажеттілігіне көз жеткізе отырып,

Тараптар аумақтарындағы жағдайды тұрақсыздандыру үшін ақпараттық

технологияларды пайдалануға кедергі жасау бойынша уағдаластықтарды іске асыру
м а қ с а т ы н д а ,

ақпарат саласындағы ыдыратушылық ақпараттық ықпал етулер мен төтенше жағдайлардың алдын алу, оларға жедел ден қоюды үйлестіру және олардың салдарын жою саласында өзара көмек көрсетудің маңыздылығын түсіне отырып,
ақпарат саласындағы қылмыстық әрекетке қарсы іс-қимыл бойынша тиімді ұжымдық өзара іс-қимылды қамтамасыз етуге және ақпараттық технологиялар саласындағы қылмыстармен күресте Тараптардың арнайы қызметтері мен құқық қорғау органдары ынтымақтастығының құқықтық негіздерін құруға ұмтыла отырып,
төмендегілер туралы уағдаласты:

1-бап

Осы Хаттаманың мақсаттары үшін пайдаланылатын терминдер мыналарды
б і л д і р е д і :

«ақпараттық сала» — ақпараттың, ақпараттық инфрақұрылымның, ақпаратты жинауды, қалыптастыруды, таратуды және пайдалануды жүзеге асыратын субъектілердің, сондай-ақ осы кезде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттеу
ж ү й е с і н і ң ж и ы н т ы ғ ы ;

«ақпараттық кеңістік» - ақпаратты қалыптастыруға, жасауға, өзгертуге, беруге, пайдалануға, сақтауға байланысты, оның ішінде жеке және қоғамдық санаға, ақпараттық инфрақұрылымға және ақпараттың өзіне әсер ететін қызмет саласы;

«ақпараттық инфрақұрылым» — ақпаратты қалыптастырудың, жасаудың, өзгертудің, берудің, пайдаланудың және сақтаудың техникалық құралдары мен
ж ү й е л е р і н і ң ж и ы н т ы ғ ы ;

«ақпараттық ресурстар» - ақпараттық инфрақұрылым, ақпараттың өзі және оның
а ғ ы м д а р ы ;

«ақпараттық технологиялар саласындағы қылмыс» - ақпараттық технологияларды пайдалана отырып жасалатын, Тараптың қылмыстық заңнамасында көзделген, қасақана жасалған
қ о ғ а м ғ а қ а у і п т і і с - ә р е к е т ;

«компьютерлік ақпарат» - компьютердің (ЭЕМ) жадындағы, машиналық немесе өзге де жеткізгіштерде ЭЕМ-нің қабылдауына қолжетімді нысандағы немесе байланыс арналары
ар қ ы л ы б е р і л е т і н а қ п а р а т ;

«уәкілетті құзыретті орган» - ҰҚШҰ форматында ынтымақтастықтың аталған саласында уәкілетті құзыретті орган ретінде айқындалған, құзыретіне ақпараттық технологиялар саласындағы қылмыстарға қарсы іс-қимыл жасау кіретін мемлекеттік
о р ғ а н ;

«ақпараттық технологиялар» - ақпаратты жинауды, жасауды, сақтауды, жинақтауды , өңдеуді, іздеуді, шығаруды, көшіруді, беруді және таратуды қамтамасыз ететін

технологиялық кешенге біріктірілген әдістердің, өндірістік процестердің және бағдарламалық-техникалық құралдардың жиынтығы.

2-бап

Осы Хаттама ақпарат саласындағы қылмыстық әрекетке қарсы іс-қимыл бойынша Тараптардың өзара іс-қимыл жасау тәртібін айқындайды.

3-бап

Тараптар осы Хаттамаға, ұлттық заңнамаға және өздері қатысушылары болып табылатын халықаралық шарттарға сәйкес ыдыратушылық әсер етуден Тараптардың ақпараттық кеңістігін қорғау және ұлттық заңнамада тыйым салынған мақсаттарда Интернет желісінің ұлттық сегменттерін пайдалануға қарсы іс-қимыл жасау мүддесінде ынтымақтасуға, сондай-ақ ақпараттық технологияларды пайдалана отырып жасалатын ж ә н е ұ л т т ы қ з а ң н а м а д а :

- конституциялық құрылыстың негіздеріне және мемлекеттің қауіпсіздігіне қарсы,
- бейбітшілікке және адамзат қауіпсіздігіне қарсы,
- ақпараттық технологиялар саласындағы қылмыстар деп сараланатын қылмыстардың белгілері бойынша өзара іс-қимылды жүзеге асыруға міндеттенеді.

Тараптар осы Хаттаманың ережелерін орындау үшін қажетті ұйымдастыру шараларын қабылдайды.

4-бап

Осы Хаттама шеңберіндегі ынтымақтастық Тараптар айқындаған уәкілетті құзыретті органдар арасында тікелей жүзеге асырылады.

Тараптардың әрқайсысы уәкілетті құзыретті органның айқындалғаны/өзгертілгені туралы ҰҚШҰ-ның Бас хатшысын хабардар етеді.

ҰҚШҰ-ның Бас хатшысы хабарламаны алған кезде дереу бұл туралы Тараптардың әрқайсысына хабарлайды.

5-бап

Тараптар осы Хаттама шеңберіндегі ынтымақтастықты:
1 . М ы н а л а р :

- ақпараттық технологиялар саласындағы дайындалып жатқан немесе жасалған қ ы л м ы с т а р ;
- қылмыстарға қатысы бар жеке және заңды тұлғалар;
- ақпараттық технологиялар саласындағы қылмыстардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру нысандары мен әдістері;

- ақпараттық технологиялар саласындағы қылмыстарды жасаудың жаңа нысандары мен тәсілдері;

- ақпараттық технологиялар саласындағы қылмыстардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру мәселелерін реттеу мақсатында қабылданған/қабылданатын ұлттық заңнамалық және нормативтік құқықтық актілер;

- Тараптар қатысушылары болып табылатын/жаңадан болып жатқан тиісті халықаралық шарттар туралы ақпарат алмасу.

2. Тараптар қатысушылары болып табылатын құқықтық көмек туралы халықаралық шарттарға және басқа да тиісті халықаралық шарттарға сәйкес жедел-ізвестіру іс-шараларын, сондай-ақ процестік әрекеттерді жүргізу туралы өтініштерді орындау.

3. Ақпараттық технологиялар саласындағы қылмыстардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру бойынша үйлестірілген іс-шаралар мен операцияларды жоспарлау және өткізу.

4. Кадрларды даярлау және олардың біліктілігін арттыруда жәрдем көрсету, оның ішінде мамандарды тағылымдамадан өткізу, конференциялар, семинарлар, оқу курстары мен тренингтер ұйымдастыру арқылы жәрдем көрсету.

5. Ақпараттық технологиялар саласындағы қылмыстардың алдын алу, анықтау, жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру бойынша міндеттердің орындалуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелер құру.

6. Ақпараттық технологиялар саласындағы қылмыстарға қарсы күрестің өзара қызығушылық білдіретін проблемалары бойынша бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізу және ақпараттық технологиялар саласындағы қылмыстарға қарсы күрес мәселелері бойынша ғылыми-техникалық әдебиетпен алмасу нысандарында.

7. Басқа да өзара қолайлы нысандарда жүзеге асырады.

6-бап

Осы Хаттама шеңберіндегі ынтымақтастық уәкілетті құзыретті органның жәрдем көрсету қажеттігі туралы өтініші (бұдан әрі - өтініш) негізінде жүзеге асырылады.

Өтініште сұрау салушы Тараптың уәкілетті құзыретті органының және сұрау салынған Тараптың уәкілетті құзыретті органының атауы, өтініштің мақсаттары мен негіздемесі көрсетіледі, мәселенің мәні және сұрау салынған жәрдемнің мазмұны, заңнамада көзделген орындау мерзімдері, өтінішті орындау үшін пайдалы болуы мүмкін кез келген басқа да ақпарат баяндалады. Өтініш жазбаша нысанда жіберіледі.

Өзіне қатысы бар адамдарға қатысты жедел ден қоюды талап ететін, осы Хаттаманың 3-бабында тізбеленген дайындалып жатқан қылмыстар туралы жедел ақпарат алынған кезде Тараптардың уағдаласуы бойынша өтініш кейіннен 3 тәулік ішінде ресми жазбаша растала отырып, байланыстың техникалық құралдарын

пайдалану арқылы берілуі мүмкін.

Жазбаша нысанда берілген немесе расталған өтінішке сұрау салушы уәкілетті құзыретті органның басшысы немесе оның орынбасары қол қояды.

7-бап

Сұрау салынатын Тарап өтінішті жылдам әрі неғұрлым толық орындауды қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдайды.

Егер өзара көмек туралы халықаралық шарттарға сәйкес өзге мерзім келісілмеген болса, өтініш, әдетте, өзі алынған күннен бастап 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде о р ы н д а л а д ы .

Өтінішті орындауға кедергі келтіретін немесе оны орындауды айтарлықтай кешеуілдететін мән-жайлар болған кезде сұрау салушы Тарап дереу хабардар етіледі.

Егер өтінішті орындау сұрау салынған уәкілетті құзыретті органның құзыретіне жатпаса, онда ол алған күннен бастап үш күн ішінде өтінішті өз мемлекетінің оны орындауға құзыретті органына береді және бір мезгілде бұл туралы сұрау салушы уәкілетті құзыретті органды хабардар етеді.

Сұрау салынған Тарап өтінішті тиісті түрде орындау үшін қажетті қосымша
мәліметтерді сұратуға құқылы.

Егер сұрау салынған Тарап өтінішті дереу орындау өз мемлекетінің аумағында жүзеге асырылып жатқан қылмыстық қудалауға немесе өзге де іс жүргізуге кедергі болуы мүмкін деп пайымдаса, онда ол сұрау салушы Тарапты бұл туралы хабардар ете отырып, өтінішті орындауды кейінге қалдыра алады немесе оны орындауды сұрау салушы Тараппен консультациялардан кейін қажетті деп айқындалған шарттарды сақтай отырып байланыстыра алады. Егер сұрау салушы Тарап ұсынылған шарттарда оған жәрдем көрсетуге келіссе, онда ол осы шарттарды сақтауға тиіс.

Сұрау салынған Тарап өтінішті орындау нәтижелері туралы сұрау салушы Тарапқа мүмкіндігінше қысқа мерзімдерде хабарлайды.

8-бап

Қажет болған кезде және сұрау салынған Тараппен келісу бойынша, оның ұлттық заңнамасы ескеріле отырып, жәрдем көрсету туралы өтініш орындалған кезде сұрау салушы Тараптың уәкілетті құзыретті органдары өкілдерінің қатысуы мүмкін.

9-бап

Егер сұрау салынған Тарап өтінішті орындау өзінің ұлттық заңнамасына қайшы келеді деп пайымдаса, осы Хаттама шеңберінде оны орындаудан толық немесе ішінара

б а с т а р т ы л у ы м ү м к і н .

Сұрау салушы Тарап бас тартудың себептерін көрсете отырып, өтінішті орындаудан толық немесе ішінара бас тарту туралы жазбаша түрде хабардар етіледі.

10-бап

Тараптардың уәкілетті құзыретті органдары өтінішті орындауға байланысты ақпараттың қажетті құпиялылық деңгейін қамтамасыз ету үшін ұлттық заңнамаға сәйкес қажетті шараларды қабылдайды.

Осы Хаттама шеңберінде алынған ақпаратты өтініште көрсетілгеннен және оған сұрау салынған уәкілетті құзыретті орган келісімін бергендерден басқа, сұрау салынған уәкілетті құзыретті органның келісімінсіз өзге мақсаттар үшін пайдалануға болмайды.

Мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтермен алмасу қажеттігі кезінде мұндай мәліметтер 2004 жылғы 18 маусымдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы шеңберінде құпия ақпараттың сақталуын өзара қамтамасыз ету туралы келісімде көзделген тәртіппен беріледі және қорғалады.

11-бап

Тараптар осы Хаттаманың ережелерін түсіндіруге немесе қолдануға байланысты туындауы мүмкін даулы мәселелерді консультациялар мен келіссөздер арқылы шешеді.

12-бап

Егер әрбір нақты жағдайда өзге тәртіп келісілмеген болса, осы Хаттаманың шарттарын орындау барысында туындауы мүмкін шығыстарды Тараптар дербес көтереді.

13-бап

Осы Хаттама шеңберінде ынтымақтастықты жүзеге асыру кезінде Тараптардың уәкілетті құзыретті органдары жұмыс тілі ретінде орыс тілін пайдаланады.

14-бап

Осы Хаттаманың ережелері өздері қатысушылары болып табылатын басқа халықаралық шарттар бойынша Тараптардың құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

15-бап

Тараптардың келісімі бойынша осы Хаттамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олар осы Хаттаманың 16-бабында көзделген тәртіппен күшіне енетін жекелеген хаттамалармен ресімделеді.

16-бап

Депозитарий осы Хаттамаға қол қойған Тараптардың қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы төртінші жазбаша хабарламаны алған күннен бастап ол к ү ш і н е е н е д і .

Осыған ұқсас мемлекетішілік рәсімдерді кешірек орындаған Тараптар үшін осы Хаттама депозитарий тиісті жазбаша хабарламаны алған күннен бастап күшіне енеді.

17-бап

Осы Хаттама 1992 жылғы 15 мамырдағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт қолданысының мерзімі ішінде қолданылады.

18-бап

Әрбір Тарап осы Хаттаманың қолданылуы кезінде туындаған барлық міндеттемелерді реттеп, шығу күніне дейін 6 айдан кешіктірмей бұл туралы ҰҚШҰ-ның Бас хатшысына жазбаша хабарлама жолдап, осы Хаттамадан шыға алады.

2014 жылғы 23 желтоқсанда Мәскеу қаласында орыс тілінде бір төлнұсқа данада жасалды. Төлнұсқа дана Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Хатшылығында сақталады, ол осы Хаттамаға қол қойған әрбір Тарапқа оның куәландырылған көшірмесін жібереді.

Армения Республикасы үшін

Қырғыз Республикасы үшін

Беларусь Республикасы үшін

Ресей Федерациясы үшін

Қазақстан Республикасы үшін Тәжікстан Республикасы үшін

2014 жылғы 23 желтоқсанда Мәскеу қаласында жасалған Ақпарат саласындағы қылмыстық әрекетке қарсы іс-қимыл бойынша Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің өзара іс-қимылы туралы хаттаманың бұл көшірмесінің дәлдігін куәландырамын.

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ұ Қ Қ

д е п а р т а м е н т і

б а с т ы ғ ы н ы ң

орынбасары

Б. Алпысов